

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 529	▲ 2,91%	▲ 11,2%
NASDAQ	21 591	▲ 3,83%	▼ -7,1%
DJIA	46 342	▲ 2,49%	▲ 9,3%
CBOE Volatility Index (VIX)	25	▼ -17,51%	▲ 40,8%
Еуропа			
FTSE 100	10 176	▲ 0,48%	▲ 23,2%
DAX	1 937	▲ 0,55%	▲ 13,6%
Азия			
Hang Seng	24 788	▲ 0,15%	▲ 26,3%
Nikkei 225	53 222	▲ 2,57%	▲ 33,4%
Shanghai SE	3 892	▼ -0,80%	▲ 19,3%
Қазақстан			
KASE	7 735	▲ 0,39%	▲ 36,2%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 2,91%-ға өсіп, 6 528,52 долларға жетті; Nasdaq Composite 3,83%-ға көтеріліп, 21 590,63 деңгейінде қалыптасты; ал DJI 2,49%-ға қымбаттап, 46 341,51 деңгейіне жетті. S&P 500 индексідегі 11 сектордың 10-ы өсім көрсетті. Ең жоғары өсім Information Technology (+4,1%), Consumer Discretionary (+3,0%) және Industrials (+2,9%) секторларында байқалды. Ал Energy секторы (-1,1%) төмендеген жалғыз сектор болды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 033 031 256 337	▲ 1,6%	▼ -4,4%	▲ 28,0%
Consumer Discretionary	6 167 693 481 784	▲ 3,0%	▼ -6,2%	▲ 13,1%
Consumer Staples	3 473 196 719 850	▲ 0,1%	▼ -8,3%	▼ -3,0%
Energy	2 313 507 850 601	▼ -1,1%	▲ 8,9%	▲ 32,6%
Financials	6 956 595 336 808	▲ 2,1%	▼ -4,4%	▲ 2,5%
Industrials	3 172 960 196 910	▲ 2,9%	▼ -8,4%	▲ 27,5%
Information Technology	18 594 806 515 860	▲ 4,1%	▼ -2,6%	▲ 85,0%
Materials	1 158 595 691 369	▲ 1,8%	▼ -2,0%	▲ 22,0%
Real Estate	1 101 689 795 892	▲ 1,1%	▼ -6,7%	▼ -5,6%
Utilities	1 448 529 109 529	▲ 0,2%	▼ -1,9%	▲ 15,2%
Health Care	4 479 531 329 691	▲ 2,0%	▼ -7,3%	▲ 2,3%

Кеше АҚШ қор нарықтары Таяу Шығыстағы қақтығыстың бәсеңдеуі мүмкін деген үміттердің күшеюі аясында айтарлықтай өсті. Соңғы бірнеше аптадағы геосаяси шиеленістің күшеюі мұнай бағасының күрт өсуіне және жаһандық инфляцияның үдеуі туралы алаңдаушылықтың артуына себеп болған еді. Осы жағдайлардың бәсеңдеуі инвесторлардың тәуекел активтеріне деген қызығушылығын арттырды.

Нарықтарға қолдау көрсеткен факторлардың бірі Wall Street Journal басылымындағы ақпарат болды. Онда АҚШ президенті Дональд Трамп көмекшілеріне Иранға қарсы әскери операцияны тоқтатуға дайын екенін, тіпті Ормуз бұғазы арқылы кеме қатынасы айтарлықтай шектеулі болып қалса да, мәлімдегені айтылды. Бұл мәлімдеме геосаяси тәуекелдердің төмендеуі мүмкін деген үмітті күшейтіп, инвесторлардың тәуекелге деген тәбетін арттырды.

Сонымен қатар, АҚШ президентінің риторикасы біршама қарама-қайшы болып қалды. Атап айтқанда, Трамп Иран Ормуз бұғазы арқылы қатынасты қалпына келтірмеген жағдайда, АҚШ Иранның энергетикалық инфрақұрылымына, оның ішінде электр станциялары мен мұнай кен орындарына соққы беруі мүмкін екенін ескертті. Мұндай қарама-қайшы мәлімдемелер нарықтардағы белгісіздіктің жоғары деңгейде сақталуына себеп болды.

Нарықтағы көңіл-күйдің жақсаруы аясында ірі технологиялық компаниялардың акциялары айтарлықтай өсті. Nvidia акциялары 5%-дан астам өсті, Alphabet 5,6%-ға қымбаттады, ал Meta Platforms акциялары 6,7%-ға секірді. Технологиялық сектордың өсуі американдық индекстердің көтерілуінің негізгі драйверлерінің бірі болды.




Сонымен қатар, макроэкономикалық статистика АҚШ еңбек нарығының біртіндеп баяулап жатқанын көрсетті. JOLTS соңғы есебіне сәйкес, ақпан айында ашық жұмыс орындарының саны 358 мыңға азайып, 6,88 млн-ға дейін төмендеді (қаңтарда 7,24 млн болған), сондай-ақ бұл көрсеткіш нарық күткен 6,89 млн деңгейінен де төмен болды. Сонымен бірге жалдау қарқыны соңғы алты жылдағы ең төмен деңгейге дейін баяулады, бұл жұмыс күшіне деген сұраныстың әлсірегенін көрсетіп, болашақта ақша-несие саясатын жұмсарту мүмкіндігіне қатысты күтулерді күшейтті.

2026 жылдың бірінші тоқсаны сейсенбі күні аяқталып, соңғы жылдардағы ең құбылмалы кезеңдердің бірі болды. Brent маркалы мұнай бағасы Парсы шығанағындағы бірінші соғыстан бергі ең жоғары өсімді көрсетті, еуропалық СПГ компанияларының акциялары шамамен 80%-ға өсті, ал ірі технологиялық компаниялардың акциялары 13%-ға төмендеді. Сонымен қатар, наурыз айы 2022 жылдың қыркүйегінен бергі әлемдік қор нарықтары үшін ең әлсіз ай болды, ал нарықтық капитализация шамамен 8 трлн долларға қысқарды.

Осы уақытта алтын бағасының өсуі жалғасты. Алтын қатарынан төртінші сауда сессиясында құмбаттады, оған доллардың әлсіреуі мен аймақтағы шиеленістің төмендеуіне қатысты үміттер әсер етті. Spot нарықтағы алтын бағасы 3,52%-ға өсіп, бір унция үшін 4 669,09 долларға жетті, ал АҚШ-тағы алтын фьючерстері 2,7%-ға өсіп, 4 678,60 долларға дейін көтерілді. Дегенмен, соңғы өсімге қарамастан, алтын ай қорытындысы бойынша 10%-дан астам төмендеумен жабылуы мүмкін, бұл қорғаныс активтері нарығындағы жоғары құбылмалылықты көрсетеді.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	381	0%	39,0%
Банк ЦентрКредит	4 550	0%	98,5%
Kcell	3 340	0%	-1,2%
Қазатомпром	37 920	0%	85,4%
ҚазТрансОйл	1 248	-3%	51,6%
KEGOK	1 458	0%	-4,1%
Kaspi.kz	35 350	0%	-35,5%
ҚазМұнайГаз	31 700	1%	116,7%
Эйр Астана	714	8%	-37,5%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%
Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.